

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Жапониямен жемісті байланыс жалғасады



Кеше Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізге ресми сапармен келген Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэмен кездесті. Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев С.Абэні Премьер-министр лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, қазіргідей әлемдік экономикадағы күрделі ахуал кезеңінде қызметінің табысты болуына тілектестік білдірді. Бұл Жапония Премьер-министрінің елімізге тұңғыш сапары екенін айта кетейік.

Елбасы Қазақстан мен Жапонияны көп нәрсе байланыстыратынын атап өтті. «Біздің елдеріміз ядролық қаруды сынау мен қолданудың қасіретті зардабын жақсы біледі. Сол себепті мен жаһандық антиядролық қозғалыс жөнінде бастама көтердім және осыған орай сіздің бастамаларыңызды біз толық қолдаймыз», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Президент, сондай-ақ, Астана құрылысы жапон архитекторы К.Курокаваның бас жоспары бойынша, ал елордадағы жаңа халықаралық университетті дамыту Жапония өкілі – ректор Ш.Катсудың басшылығымен жүзеге асырылып келе жатқанын айтты. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан-Жапония қарым-қатынастарын дамыту мәселелеріне де тоқталды.

«Екі ел арасында экономикалық тұрғыдан да, саясат саласында да келіспеушілік жоқ. Қазақстан сіздің елмен барлық бағыт бойынша ынтымақтасуға ниетті. Сіздің Орталық Азия елдеріне сапарыңыз маңызды әрі дер кезінде жасалып отыр. Біз өзара іс-қимылдың «Жапония – Орталық Азия» пішімін қолдаймыз және оны қажет деп санаймыз», – деді Қазақстан Президенті.

Қазақстан басшысы Жапония Премьер-министрінің бұл сапары екі елдің ынтымақтастығына жаңа серпін береді деп үміттенетінін жеткізді.

Өз кезегінде Синдзо Абэ қонақжайлылық пен ілтипатты қабылдауы үшін Қазақстан тарапына алғыс айтты. «Мен Премьер лауазымында болған 9 жыл ішінде Қазақстанға бірінші рет келіп отырмын. Бұрын біз түрлі халықаралық шараларда үш рет кездестік, бұл – біздің төртінші кездесуіміз. Осындай тығыз байланыстар арқылы қарым-қатынастарымызды белсенді түрде дамытып отырғанымыз мені аса қуантады», – деді ол. Сондай-ақ, Жапония Премьер-министрі Қазақстанға іскер топтар өкілдерінен тұратын кең ауқымдағы делегациямен бірге келгенін және нақты нәтижелерге үміт артатынын атап көрсетті.

Екіжақты кездесуден соң Жапония делегациясымен кеңейтілген құрамда келіссөздер өтті. Қазақстан басшысы келіссөздер барысында С.Абэнің Астанаға алғашқы ресми сапары Қазақстан мен Жапония қарым-қатынасын жаңа сапалы деңгейге шығару үшін қуатты серпін қосатынына сенім білдірді. Нұрсұлтан Назарбаев Синдзо Абэнің Либерал-демократиялық партия төрағасы ретінде ұсынған өз елін дамыту бағдарламасын айрықша бағалайтынын жеткізді.

«Біз сізге бағдарламаңызды лайықты жүзеге асыру жолында табыс тілейміз. Қазақстан мен Жапония – бір-бірінен алыс жатқан, бірақ жақын дос елдер. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап сіздің елмен жан-жақты қарым-қатынастарды дамыту біздің сыртқы саясатымыздың маңызды басымдығының бірі болып саналады. Астана мен Токио ұдайы сенімді серіктес болып келеді. Біз әрдайым бір-бірімізді қолдаймыз, ядролық қарусыздану және таратпау, сондай-ақ, атом энергетикасын бейбіт мақсатта пайдалану ісінде одақтаспыз», – деді Қазақстан Президенті.

Қазақстан басшысы екі елдің сауда-экономикалық даму және инвестициялық өзара ықпалдастық көрсеткіштеріне де тоқталды. Айталық, 2013-2014 жылдарда елдеріміз арасындағы тауар айналымы 2 миллиард доллар болды. Ал 2015 жылдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 600 миллион долларды құрады. 10 жылда Қазақстанға келген жапон инвестициясының көлемі шамамен 5 миллиард доллардай болады. Сонымен қатар, Жапония ресми көмек ретінде Қазақстанға 1,2 миллиард доллар берді. Елімізде бірқатар ірі компаниялар белсене жұмыс істеуде.

Мәселен, бүгінде 50 бірлескен кәсіпорын тіркелген, құны 700 миллион доллардан асатын 6 бірлескен жоба іске асырылған. Дәл осы сома мөлшерінде тағы 10 жоба қарқынды ілгерілету сатысында тұр. Сондай-ақ, Қостанайда «Тойота» автомобильдерін құрастыру зауытын ашу да айшықты оқиға болғанын атап өтуге болады. Осы ретте, Нұрсұлтан Назарбаев 25 қазаннан бастап елімізде Инвестицияларды өзара қорғау және көтермелеу туралы келісімнің күшіне енуі елдер арасында ынтымақтастықтың құқықтық базасын одан әрі жақсартатынына сенім білдірді.

Синдзо Абэ екіжақты сауда-экономикалық қарым-қатынастардың құқықтық базасын нығайту, сондай-ақ, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі ірі инвестициялық бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін, жалпы ынтымақтастық үшін мүмкіндіктер аясын едәуір кеңейтетінін атап өтті.

Кеңейтілген келіссөздердің қорытындысында екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі жандандыра түсетін бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Атап айтқанда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэ Қазақстан мен Жапония арасындағы стратегиялық әріптестікті тереңдету және кеңейту туралы Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті мен Жапония Премьер-министрі Ядролық сынаққа жан-жақты тыйым салу туралы шарт жөніндегі Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Жапония тараптары қаржы барлау басқармалары арасындағы хаттаманы бекітті. Бұл құжатқа Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің төрағасы Бейсенғали Тәжияқов пен Қауіпсіздік жөніндегі ұлттық қоғамдық комиссиясының қаржылық барлау жапон орталығының бас директоры Такаши Киношита қол қойды.

Құжаттарға қол қою рәсімінен соң Нұрсұлтан Назарбаев пен Синдзо Абэ қорытынды баспасөз мәслихатына қатысып, журналистерге келіссөздердің маңыздылығын айтып берді.

«Сіз Премьер-министр болғаннан бергі бұл біздің төртінші кездесуіміз. Әр кездесуде екі елдің арасындағы үнқатысуға әр уақытта ашықпыз деп, қарым-қатынасты жақындатамыз деп келіскен болатынбыз. Сол кездесулер барысында мен сізді шақырдым және осы сапарыңыз Қазақстан үшін үлкен оқиға. Біздің жан-жақты қарым-қатынасымыз тұрғысында еліміз үшін Жапониямен қатынастарды дамыту үлкен басымдық болып саналады. Тәуелсіздігіміздің бірінші күнінен бастап Жапония мен Қазақстанның арасындағы қарым-қатынастарды жақсарту, екі елдің экономикасын жақындастыру үшін күш салып келеміз», – деді Қазақстан басшысы.

Осы орайда, Қазақстан Президенті бүгінде бірқатар шаралар жүзеге асырылғанын атап өтті. Жапония тарапының, әсіресе, ядролық сынақтардан зардап шеккен Семей өңіріне көрсеткен көмегі үшін үлкен алғысын жеткізді. Бұл тұрғыда Нұрсұлтан Назарбаев тек ресми көмек бағытында Қазақстанға 1,2 млрд. доллар көлемінде қолдау жасағанын еске салды.

«Біз болашақта осындай қарым-қатынасты тереңдетуге мүдделіміз. Екі елдің арасындағы қатынастардың ең басты мәселесі сауда-саттық болып саналады», – деді Қазақстан Президенті. Яғни, елдердің бірін-бірі толықтырып тұратын мүмкіндіктері өзара іс-қимылдар көкжиегін әрі қарай кеңейтуге ықпал етеді. Олар атом энергетикасын, ауыл шаруашылығын, автомобиль жасау, жоғары технологиялар саласын қамтиды.

«Келіссөздер барысында жапондық ірі компаниялардың басшылары қатысып, олар өз кезегінде Қазақстанда жұмыс істеуге даяр екенін мәлімдеді. Біздің ойымызша, сирек кездесетін металдарды барлау, атом энергетикасы, банк секторы, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік саласындағы ынтымақтастық өте маңызды», – деді Қазақстан басшысы.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда бүгінде өте маңызды институттық реформалар жүріп жатқанын, индустриялық саясат пен инфрақұрылымдық жобалар бойынша үлкен жұмыстар іске асырылу үстінде екенін атап өтті. Осы орайда, Тынық мұхиты елдерінің біздің өңірмен, сондай-ақ, Еуропамен байланысын күшейту шаралары атқарылып отырғандығын жеткізді. «Бұл жолдарды жапондық бизнес те пайдалана алады», – деді Қазақстан басшысы. Ол, сонымен қатар, Қазақстан жапондық компаниялардың ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізуде белсенді қатысуын құптайтынын атап өтті.

«Біз мәдени-гуманитарлық байланыстарды, достықты нығайтуда, екі ел халықтарының өзара сыйластығы тұрғысында өзара іс-қимылды кеңейту ортақ мақсатымыз болып табылатындығы жөнінде келістік», – дей келе, Қазақстан Президенті бүгінде Жапония мемлекетаралық өзара іс-қимылдың сәйкес сәулетін қалыптастыру үдерісінде, оның ішінде Орталық Азияда ең негізгі қатысушылардың бірі екенін айтты. «Осыған байланысты біз халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша сенімді пікір алмасуларды өткіздік», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэ Қазақстан халықаралық аренада, халықаралық қоғамдастықта маңызды рөл атқарып отырғанын, сондай-ақ, Қазақстан Жапония үшін қымбат серіктес болып табылатынын атап өтті. Сонымен қатар, Жапония Үкімет басшысы Қазақстан Президентімен кездесу барысында екі ел арасындағы қатынастар мәселесі бойынша мазмұнды пікір алмасу болғанын жеткізді.

«Мен біздің кездесудің үш маңызды нәтижесімен таныстырғым келеді. Біріншісі – Жапония бұдан әрі қарай да Қазақстандағы экономикалық реформаларды қолдайтын болады, яғни бұл тұрғыда мемлекеттік құрылымдарды, сонымен бірге, жеке секторды да қолдаймыз. Біз осы жайында уағдаластық. Атап айтқанда, Қазақстандағы құрылысы жоспарланып отырған АЭС-ке тоқталатын болсақ, біз оны жүзеге асыру бойынша өзара іс-қимылымызды нығайту ниетіндеміз. Біз осыны растадық. Сонымен қатар, өнеркәсіп саласы мен медицинада жапондық диагностика жүйесін енгізу үшін білікті кадрларды даярлау бойынша жаңа ынтымақтастық басталады. Осы орайда, біз белсенді талқылаулар жүргізетін боламыз», – деді Синдзо Абэ.

Нұрсұлтан Назарбаев пен Синдзо Абэ бұл күні, сондай-ақ, Қазақстан-Жапония бизнес-форумына қатысты.

«Қазақстан мен Жапония – стратегиялық әріптестер. Біз экономикалық байланыстарды өте жоғары деңгейде құра алдық. Қазақстанда көлік, тау-кен, металлургия, химия, машина жасау салаларында құны 750 млн. доллар болатын жапон капиталының қатысуымен 50 компания жұмыс істейді», – деді Қазақстан Президенті форумда сөйлеген сөзінде.

«Қазіргі уақытта басқа да инвестициялық жобалар бойынша 700 млн. долларға келіссөздер жүргізілуде. Олардың ішінде этанол өндірісі, онкологиялық ауруларды диагностикалау орталығының құрылысы, «Тойотаның» жаңа модельдерін шығару, терминалдар құрылысы және тағы басқа мәселелер бар. Біз сіздердің әріптестікті жалғастыруға және одан әрі инвестициялауға деген ниеттеріңізді жоғары бағалаймыз. Біздің әріптестіктің маңызды салаларының бірі атом энергетикасы екені анық. Біз жоғары сұрыпты уран өнімін әлемдік нарыққа, соның ішінде Жапонияға жеткізуге мүдделіміз», – деді Қазақстан басшысы.

«Жалпы, бүгінгі шара барысында 10 коммерциялық келісімге қол қойылады. Бұл келісімдер біздің әріптестікке серпін беріп, біздің экономикамызды әртараптандыруға көмектеседі деп үміттенемін. Әлемдік экономиканың тұрақсыздығына қарамастан, іскерлік дамуға қажетті жаңа бағыттарды игеруге даярмыз», – деді Қазақстан Президенті. Сонымен қатар, ол жапондық инвесторларға Қазақстанның экономикалық мүмкіндіктері туралы айтып берді.

Біз «Қазақстан-2050» бағдарламасы бойынша әлемнің 30 дамыған елінің қатарына енуді жоспарлап отырмыз.

Оның сәтті орындалуының кепілі кәсіпкерлік пен елдің индустрияландырылуы болып табылады. Ол үшін бізде жағымды инвестициялық ахуал қалыптастырылды. Бүкіләлемдік экономикалық форумның Жаһандық индексінде Қазақстан 148 елдің ішінде 42-орынға ие болды. Қазақстан барша әлем кәсіпкерлері үшін сенімді әрі ұзақ мерзімді әріптеске айналды», – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстан Президенті осы бағдарламалар аясында келген инвесторлар үшін теңдессіз жағдайлар ұсынылып отырғандығын да атап көрсетті.

«Қазақстанда «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты жүзеге асырылуда. Ол – Астананы оңтүстікпен, шығыспен, батыспен, солтүстікпен жалғайтын инфрақұрылымдық бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған. Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі транзиттік-логистикалық хаб болады. Біз Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азияны жалғай аламыз. Біз Қытайдың Ляньюньгань портында терминал салдық. Қазіргі уақытта Ляньюньгань портынан Қазақстанға 300 мың контейнер жүк тасымалдануда. Болашақта Қытайдан Еуропаға бағытталатын ол жүктердің көлемін 500 мың контейнерге дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Елбасы Қазақстан тартымдылығын ұлғайту, бизнес ортаны жақсарту, халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған 5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жасалғандығын да айтып өтті. «Қазақстанда индустриялық-инновациялық бағдарлама жүзеге асырылып жатыр, 770 жаңа кәсіпорын ашылып, 75 мың жұмыс орны құрылды. Биыл оның екінші бесжылдығы басталды. Ол алты басым бағыт бойынша өтеді, өндеуші өнеркәсіп: мұнай-химия, металлургия, химия, машина жасау, құрылыс материалдарын жасау, тамақ өнеркәсібі. Осының барлығына жапон кәсіпкерлері инвестиция құя алады. Инвесторлар жер салығынан босатылады. Сонымен қатар, 20 елдің кәсіпкерлеріне визасыз режим енгізілген. Оның ішінде Жапония да бар», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті жапондық компанияларды Қазақстандағы жекешелендіру науқанына да қатысуға шақырды. «Қазақстан капиталдарды мемлекеттік иеліктен белсенді түрде жеке салаға шығаруда. Екінші мәрте жекешелендірудің науқаны жүреді. Онда экономиканың негізгі активтері сатылады. Тізімге тау-кен, металлургиялық, мұнай өндеу, энергетика, көлік, байланыс және инфрақұрылымдық нысандар кірген. Сіздердің жекешелендіруге қатысқандарыңыз екіжақты байланыстарымызға серпін қоса түсетін

болады», – деген Қазақстан басшысы мемлекеттеріміздің жоғары экономикалық әлеуеті, мәдени-гуманитарлық байланыстары екі елдің игілігіне бағытталуы тиістігін алға тартты.

Нұрсұлтан Әбішұлы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі екі елдің ынтымақтастық аясын кеңейтуге ықпал ететінін айтып, аталған тақырып аясында Қазақстан экологияны қорғауға өз үлесін қосатынын, таза энергияның орнықтылығына қолжетімділікті қамтамасыз ету жайы қарастырылатынын атап өтті. «Көрмеге қатысатынын қазіргі таңда 42 мемлекет пен 4 халықаралық ұйым ресми түрде растады. Жапония Үкіметі де ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысатынын құптады, бұл үшін ризашылық білдіреміз. Осы ретте, Жапонияның осынау халықаралық көрмені өткізудегі басымдық жасалған 20 мемлекеттер тобының тізіміне енетінін атап көрсеткім келеді», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Бұдан бөлек, Елбасы ЭКСПО-қалашығы базасында «Астана» халықаралық қаржы орталығы да құрылатынын, ол әлемдегі ең озық АҚШ, Сингапур, Ұлыбритания қаржы нарықтарының үлгілерін өзіне қамтитынын жеткізді. «Бұған қатысу үшін теңдессіз жағдайлар жасалуда. Ағылшын тілінде іс жүргізу, соның ішінде сот ісін жүргізу, қатынастарды реттеу қарастырылып жатыр. Ондағы инвестициялық даулар халықаралық судьялардың қарауына беріледі. Орталық қатысушылары ұзақ мерзімге корпоративтік, жеке және табыс салықтарынан босатылады. Олар жұмысқа шетелдік жұмыс күштерін рұқсат алусыз да тарта алады. Орталықтың қатысушы қызметкерлері мен олардың отбасыларына жеңілдетілген визалық режим бекітіледі. Осы айтылған шарттарды, сонымен қатар, Астана қаласының инфрақұрылымын есепке алсақ, халықаралық қаржы орталығының мықты буынын құру мүмкіндігі бізде баршылық. Біз жапондық компаниялардың бұл жобаға белсенді қатысуын күтеміз», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Форумға негізінен автокөлік жасау, авиация және ғарыш, электроника, химия өнеркәсібі, қаржы және жылжымайтын мүлік, экспедициялау, жүк тасымалы, азық-түлік, денсаулық сақтау салаларын қамтитын 500-ден астам компания қатысты. Тараптар алдағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Шара аясында, сондай-ақ, Қазақстан мен Жапонияның инвестициялық мүмкіншіліктері, екі елдің шетелдік инвесторларын мемлекеттік қолдау шаралары таныстырылды. Сонымен қатар, Қазақстан-Жапония инвестициялық жобаларының көрмесі өткізілді.

Синдзо Абэ өзінің сөзінде Астананың әдемілігі өзі үшін оң әсер қалдырғанын айтты. Кеше кешкісін ұшақ бортынан түнгі Астананың панорамасына сүйсінгенін жеткізді. Содан кейін ғана ол негізгі мәселеге ауысып, Жапония Қазақстанның экономикалық реформаларында маңызды рөл атқара алатынын атап өтті. Қазақстанның шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарта отырып, экономиканы әртараптандыру саясатын оң бағалайтынын білдірді. «Мен дәл осы экономика реформалары бойынша Жапонияның атқаруы тиіс маңызды рөлін байқап отырмын. Жапония компаниялары шетелдерде түрлі салалар бойынша бизнесті өрістетудің теңдессіз тәжірибесін меңгерген, біздің компаниялар бүкіл әлемде жұмыс орындарын құру мен жергілікті кадрлар даярлау мәселесінде өздерінің үлестерін қосып келеді. Сондықтан да мен басқа емес, дәл біздің жапондық компаниялар Қазақстанның экономикалық реформаларына қуатты қолдау жасай алады деген нық сенімдемін», – деді Синдзо Абэ.

«Маған Президент Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандық балет труппасының үшінші примадоннасы жапон қызы екенін айтты. Маған мұндайды есту ерекше қуаныш сыйлайды, бұған мен мақтанамын. Мен үшін жапон азаматтарының Қазақстанда өз белсенділігін осылай көрсетіп жатқаны зор қуаныш», – деді Жапония Премьер-министрі. Сондай-ақ, ол Қазақстан Президентінен Жапония азаматтарының Қазақстанды өзінің екінші отаны ретінде сезінуі үшін мүмкіндік жасауын сұрады. Бұған Қазақстан басшысы

өзіне тән юмормен былай деп жауап қайтарды: «Барлық жапондық меймандар мұнда үйлерінде жүрген секілді. Қай жерде қазақ, қай жерде жапон екенін ажыратып көріңіз».

Форум қорытындысы бойынша екіжақты құжаттарға, оның ішінде ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығындағы машина жасау саласын қайта қаржыландыру, автокөлік терминалын жасау және өзге де тақырыптар бойынша меморандумға қол қойылды.

Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ, Синдзо Абэмен бірге Астананың көрікті орындарын аралап, «Қазақстан» Орталық концерт залында, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында болды.

Кешкісін Елбасы Жапония Премьер-министрімен бірге «Назарбаев Университетке» барды. Қазақстан Президенті мен Жапония Премьер-министрі оқу корпустарын аралап көрді және университетті дамыту перспективаларымен танысты.

С.Абэ Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырып, университет оқытушылары мен студенттері алдында дәріс оқыды. Ол өз сөзінде Қазақстан өнеркәсібін жаңғырту үдерісінде кадр даярлаудың маңыздылығын және бұл іске Жапония белсене атсалысуға әзір екенін айтты.

– Біз сіздің елдің өнеркәсібі үшін жоғары білікті мамандар даярлау ісіне алдағы уақытта да қолдау көрсетуге ниеттіміз, – деді Синдзо Абэ.

Дәріс соңында Жапония Премьер-министріне «Назарбаев Университеттің» құрметті докторы атағының дипломы табыс етілді.

Динара БІТКОВА